


# МЕРКІ ТЫНЫСЫ

МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады



№126-127  
/10508-10509/  
жұма,  
7 қазан  
2016 жыл

## Аудан әкімі Мейірхан Өмірбековтың пошта байланысы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен ҚУТТЫҚТАУ

Құрметті аудандық пошта байланысы торабының қызметкерлері!  
Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Дүниежүзілік пошта күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Дүниежүзілік пошта күні – 1969 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінде атап өтілетін халықаралық мерекелердің бірі. Өйткені, қызметтің бұл түрінің тарихы тым әріден басталады. 1874 жылдың 9 қазанында Швейцарияның Бьерне қаласында 22 елдің өкілдері кездесіп, Бас пошта одағының негізін бекітетін Берн келісіміне қол қояды. 1878 жылы одақ өз атауын өзгертіп, Дүниежүзілік пошта одағы (ДПО) деп атала бастаған. Бүгінгі күні оған 189 мемлекет мүше болып отыр. Соңғы жылдары бүкіл әлемде 9 қазандағы осынау мерекеге орайластырылып, халықаралық хат апталығын өткізу дәстүрге айналған.

Дүниежүзілік пошта одағының мәліметтеріне сүйенсек, халықаралық пошта өз клиенттерінің 6800 тілінде сөйлейді және поштаны жеткізіп салудың әлемдегі ең ұзын желісі болып табылады. Ол – тауарларды сенімді, тиімді, әрі артық шығынсыз жеткізіп салуға, сондай-ақ, идеялар алмасуды қамтамасыз етуге арналған қызмет түріне жатады. ДПО әртүрлі ауқымдағы фирмаларға клиенттерді іздеп табуға және олардың сұраныстарына жауап беруге көмектеседі.

Меркі өңірінде де пошта байланысының ертеректе пайда болғаны белгілі. Бүгінгі аудандық пошта байланысы торабы ел тарихымен біте қайнасып, Тәуелсіздікпен бірге жаңарып, қызмет түрлерін арттырып келеді.

Меркі аудандық пошта байланысы торабында 98 қызметкер жұмыс істейді, оның 45-і – хат тасушы. Меркілік пошташылар тек жазбаша хат-хабарларды, түрлі пошталық жөнелтілімдер тасымалдауды, ақша аудару мен мерзімді баспасөз басылымдарын тарату секілді қызметтерді көрсетіп қана қоймайды, оған қоса көптеген қаржы қызметтерін атқарады. Оның ішінде екінші деңгейлі банктердің несиелерін, әкімшілік айыппұлдарды, салық түрлерін төлеу қызметтерін іске асыруда. Аудан көлемінде қарапайым халықтың төлемдер қызметін көп пайдаланатын Халыққа қызмет көрсету орталығында, аудандық газ мекемесінде, мемлекеттік автоинспекциясында, кірістер басқармасы мен «Меркі» шипажайы ғимаратында ақшалай төлемдерді аудару операцияларын жүргізеді. Әлемнің кез-келген түпкірінен 15 минутта ақша аударуға болатын «Western Union» қызметін, Қазақстан Республикасындағы «Сәлем теңге» ақша аудару операцияларын іске асырады.

Аудандық пошта байланысы торабының қызметкерлері!

Төл мерекелеріңізбен тағы да құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, қызметтеріңізге табыс тілеймін. Мерекелеріңізбен!

## С ЗАБОТОЙ ГОСУДАРСТВА

В Плане нации «100 конкретных шагов» социальное благополучие казахстанцев обозначено в качестве основы для устойчивого и долгосрочного развития нашей страны.

Анализ ситуации показал, что в современных условиях, характеризующихся влиянием мирового экономического кризиса на процессы социально-экономического развития страны, рынок труда оказался недостаточно способным реагировать на углубляющиеся диспропорции между спросом и предложением рабочей силы и другими вызовами современности. Принятый в 2001 году Закон «О занятости населения» уже не отвечает изменившимся условиям функционирования рынка труда, требующим принятия мер упреждающего характера на проблемы, которые возникают и могут возникнуть в ближайшие годы. Таким образом, в стране стала проходить модернизация системы социальной помощи. Для этого законом пересмотрены процедуры регистрации безработных и постановки их на учет для оказания мер содействия занятости только лицам, действительно нуждающимся в государственной поддержке.

Новым законом регламентирована адресность государственной поддержки по содействию занятости населения. Для наиболее уязвимой категории лиц – инвалидов, предусматривается создание специальных рабочих мест. Государство будет субсидировать расходы работодателя, при этом, основным условием для получения субсидий является сохранение занятости инвалида не менее 12 календарных месяцев с момента создания рабочего места.

Таким образом, забота государства направлена, в первую очередь, на дальнейшее повышение качества человеческого капитала, уровня жизни населения и защиты прав граждан.

А.ВАСИЛЬЕВ,  
село Мере,

## Агросектордағы іргелі істер

# МЕРКІЛІКТЕРДІҢ ТАЛАБЫ ТАУДАҰ, МҮМКІНДІГІ ЗОР, -

дейді ауданымызда болған облыс әкімінің орынбасары Абдалы Нұралиев

Дүйсенбі күні арнайы іссапармен ауданымызда болған облыс әкімінің орынбасары Нұралиев Абдалы Тоқбергеноұлы аудан әкімінің орынбасары Әлжапаров Бақытхан Жақанұлының бастауымен бірқатар шаруашылықтарды аралап, агроөндіріс саласының жергілікті жердегі тыныс-тіршілігімен танысып, жай-жапсарын зерделеді.

Әлихан НҰРАЛИЕВ, (сурет автордікі), "Меркі тынысы".



Алғашқы жол түскен Т.Рысқұлов ауылдық округіндегі «Трансфер» шаруа қожалығының қызылша алқабындағы, әсіресе, қызылша қазығы басталған соңғы 1-2 күндегі қызу еңбек барысы кімді болса да бей-жай қалдырмасы анық еді. Заманауи тамшылатып суару технологиясы мен минералды, әсіресе, органикалық тыңайтқыштарды орынды пайдалану арқасында былтыр қызылшаның әр гектарынан 900 центнердің үстінде өнім алып, айды аспаннан бір-ақ шығарған қожалық иесі Владимир Бондаренко өткен жылғы небары 5 гектар қызылша алқабын биыл 42 гектарға жеткізіп, (оның 8 гектары тамшылатып суару арқылы өсірілді), жоғары өнім алуға бекініп отыр екен. Әрине, оған негіз де жоқ емес. Себебі, сонау Ресейдің Алтай өлкесінен биыл жеткізген қызылша жинайтын техникалары өнімді сапалы өрі тез жинап алуға мүмкіндік бермек.

Міне, осы қызылшаны жапырағынан ажыратып, тіпті қазып қана қоймай, жүк көлігіне тиіп те беретін арнайы техникалардың жұмыс процесін көріп, қызығушылық танытқан Абдалы Тоқбергеноұлы:

– Бұл деген нағыз инновациялық жол. Володьяның қызылша өсіру алқабын бірден 37 гектарға арттырып, мол табыс табуға жетелеген осы техникаларды, яғни, заман жетістігін аудан, облыс дикандарына барынша насихаттау жұмысын тіптен, күні бүгіннен бастасақ жөн болар еді. Адам еңбегін азайтып,

аз күнде өнімді ысырапсыз жинап алу – басты міндет, – десе, ал Бақытхан Жақанұлы:

– Қызылша өсіруде біраз тәжірибелері бар Алматы облысында мұндай техникаларды кездестірмеппін. Өз алқабын игерген соң өзгелерге де көмек қолын созуға ниеті бар Володьяның ізденімпаздығы Меркі жерінде балтамыр өнімінің молая түсуіне негіз болмақ, – дейді қожалық басшысының ісін қолдап.

Көпшіліктің келесі бағыты Меркі қант зауытының қызылша қабылдау пункті болатын. Қарсы алған зауыт директоры Арман Жумин 3 қазаннан бастап «Жылыбұлақ-Меркі», «Сыпатай батыр» серіктестіктерінен қызылша түсе бастағанын, тек соңғы тәуліктің үстінде 130 тонна тәтті түбір қабылдап үлгергендерін айтты.

Аудан бойынша барлығы 950 гектар қызылша өсірілсе, оның 200 гектары «Сыпатай батыр» ЖШС-не тиесілі. Міне, осы шаруашылықтың төменде орналасқан қызылша алқабына келгенімізде де (суретте) бірнеше техника мен 100-ге тарта адамның қызу еңбегінің үстінен түстік. Серіктестік басшысы Қанат Шайхиев пен еселші-бригадир Қанатқұл Сәдірмекөваның айтуынша алдағы күндері тағы сонша жұмыс күші тартылмақ. Былтырғы ауа-райының қолайсыздығынан біраз өнімді қар астында қалдыруға мәжбүр болған сыпатайлықтар одан сабақ алып, ашық күндерді тиімді пайдалана отырып, әр гектардан 600 центнерден өнім алуды

көздеп отыр екен.

Осы жерде айта кетер жайт, биыл қант зауыты әр тонна қызылшаны 17 мың теңгеден қабылдаса, мемлекет әр тонна үшін 2,5 мың теңге субсидия төлеп, әр гектарға 50 мың теңге ақша береді. Алынған тұқым бағасының 70

пайызын да субсидияламақ екен, бұл – шаруа үшін әжептеуір қолдау.

Облыс әкімі орынбасарының келесі барып, жұмыс барысымен танысқан жері Меркі ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі болатын. Ұжым басшысы Жасұзақ Ибрайымов сапта тұрған жеке құрамның кез-келген төтенше жағдайға дайындығы мен құрал-жабдықтарының мүмкіндігін көрсетіп, аудандағы өздеріне тиесілі әр істің мән-жайынан құлағдар етті.

Осылайша бірқатар шаруашылықтар мен мекемелерді аралаған облыс әкімінің орынбасары аудан өкімдігінің кіші мәжіліс залында өткен облыс өкімдігі ауыл шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Еркебулан Анабеков, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Қарлығаш Аралбекова, «Меркі өнімдері» кооперативінің төрағасы Дастан Айтөленов, аудан активі, ауылдық округ өкімдері мен кәсіпкерлер, тағы басқалар қатысқан жиынға төрағалық та жасады.

Жиында қаралған мемлекеттік «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламалары, сүт кластері, оның ішінде «Меркі өнімдері» кооперативінің аяқ алысы, «Жұмыспен қамту – 2020 Жол картасы» бағдарламасы аясындағы ауылдық жерде отбасылық шағын сүт, ет өндіру ісін несиелеу сияқты өзекті мәселелерді ортаға салған Абдалы Тоқбергеноұлы «Ырыс» бағдарламасына да көп көңіл бөлуді баса айтты.

# ДЕПУТАТТЫҚКА КАНДИДАТПЕН ТАНЫСТЫРАМЫЗ

**№8 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША МЕРКІ АУДАНДЫҚ  
МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ  
КӨКІРЕКБАЕВ МҰРАТБЕК БОЛЫСБЕКҰЛЫ**

## ӨМІРБАЯНЫ

Көкірекбаев Мұратбек Болысбекұлы 1964 жылы Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Төтті ауылында дүниеге келген. 1990 жылы Қарағанды қаласындағы Қарағанды кооперативтік институтын экономист мамандығы бойынша аяқтаған.

Еңбек жолын 1982 жылы №102 арнайы кәсіптік-техникалық училищесінің дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып бастаған. 1990–1991 жылдары Сарысу ауданының «Калинин» совхозы кооперативінің бас бухгалтерінің орынбасары, 1992 жылдың қазан айына дейін бас бухгалтері болып, қызмет еткен. 1992–1995 жылдары Меркі ауданы әкімшілігінің экономика комитетінің төрағасы, 1995–1996 жылдары №2185 Халық банкінің Меркі аудандық филиалының аға экономисі, бухгалтері, бухгалтер-ревизоры қызметтерін

атқарған. 1996–1997 жылдары аралығында Меркі ауданы әкімі аппаратының өнеркәсіп, көлік және байланыс бөлімінің меңгерушісі, 1997–1998 жылдары Меркі ауданы еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі, 1998–2001 жылдары Меркі ауданы әкімі аппаратының жетекшісі, 2001–2005 жылдары Ойтал кенттік округінің әкімі, 2005–2010 жылдары Меркі ауданы әкімінің орынбасары, 2010 жылдың наурызынан 2016 жылдың қыркүйегіне дейін Жамбыл ауылдық округінің әкімі болып абыройлы еңбек етті. 2016 жылдың 26 қыркүйегінен «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет атқаруда.

«Нұр Отан» партиясының мүшесі.  
Үйленген, 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отыр.



## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

# ҰЛТ МАҚСАТЫ – ОРТАҚ МАҚСАТ

Мен, Меркі аудандық мәслихатына депутат болу арқылы Елбасы, Ұлт көшбасшысы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы, дәуір саясатының дарабозы Н.Ә.Назарбаевтың ұзақ мерзімді «Қазақстан–2050» Стратегиялық бағдарламасын, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын және 2015 жылдың 30 қарашасындағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айқындалған тапсырмаларды іске асыруды және «Нұр Отан» партиясының «Қазақстан–2021: Бірлік. Турақтылық. Жасампаздық» сайлауалды бағдарламасы мен саяси Доктринасы талаптарын орындауды өзіме міндет ете отырып, ел ертеңі үшін шешіле еңбек ету жолындағы жаңа саяси қадамды бастаймын.

Менің ең басты мақсатым – татулығы жарасқан, ынтымағы мен бірлігі орныққан көпұлтты Отаным – Тәуелсіз Қазақстанның 25 жылда қол жеткізген әлеуметтік-экономикалық жетістіктері мен қоғамдық-саяси дамуына барынша үлес қосу. Егемен елім мен қасиетті Меркі жерінің бай еңбек дәстүрін жалғастыра отырып, өзекті әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси мәселелердің оң шешім табуына атсалысуды өзімнің азаматтық парызым деп есептеймін.

Ол үшін:

- «Нұр Отан» партиясының Меркі аудандық филиалы мен бастауыш партия ұйымдары арасындағы өзара байланыстарды нығайта отырып, алда тұрған партиялық міндеттерді бірлесіп шешуді;
- партияның аудандық мәслихаттағы депутаттық фракциясының рөлін көтеруге, аудандық мәслихат сессиясында аймақта қалыптасып отырған әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси мәселелерді көтеруді;
- бастауыш партия ұйымдарының қоғамдағы белсенділігін арттыру және материалдық-техникалық базасын нығайту мәселесіне және жаңа кабинеттер ашуға тың серпін бере отырып, партия негізі бастауыш партия ұйымдарының қалыпты жұмыс жасауына ықпал етуді;
- мен «Нұр Отан» партиясының партиялық жобаларын іске асыру мақсатында бастауыш партия

ұйымдарымен бірлесіп отырып, тиянақты жұмыстар жүргізуді қолға аламын. Оның ішінде, «Ардагерлерді ардақтайық» жобасының мәні биік, маңызы жоғары. Біз аразында жүрген ардагерлеріміздің өткен өмір жолдары арқылы бүгінгі жастарды Отансүйіштікке тәрбиелеуіміз қажет. Ардагерлер арқылы ұрпақтар сабақтастығын жоғалтпай, партия жобасы аясында Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерлеріне өз деңгейінде құрмет көрсетуді басты назарда ұстауды;

- партияның «Жастар кадрлық резерві» жобасы бойынша жастардың бойында еңбек нарығында суранысқа ие дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыруға, жұмыс берушілерді кадр даярлау үдерісіне тарту мәселесі мен партияның «Бақытты балалық шақ» жобасы бойынша көп балалы және жағдайы төмен отбасыларына әлеуметтік қолдау мен көмектер көрсетуіне белсенді түрде атсалысуды;

- аудан аумағында қоғамдық тәртіптің сақталуы мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу мәселесінде ауыл ақсақалдарымен, партия белсенділерімен, жастар ұйымдарымен және полиция қызметкерлерімен бірлесіп жұмыс атқару және жастардың бастамаларына қолдау көрсетуді;
- Меркі ауданында «Нұр Отан» партиясының «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» партиялық жобасы аясында ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін ұсақ тауарлық шағын ұжымдар ашуға бағытталған жұмыстарды жүргізуді, сондай-ақ, агроөнеркәсіп кешендері құрылымдарын сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу деңгейіне көтеріп, қолда бар барлық мүмкіндіктерді кеңінен пайдалануға көмек беруді;

- Меркі ауданындағы білім беру және мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, денсаулық сақтау мен мәдениет салаларында қалыптасып отырған жағдайлардың оң шешімін табу мақсатында тиісті мемлекеттік органдар алдында мәселелер көтеруді;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

әрекеттерін болдырмауға және оның алдын алу мақсатында «Нұр Отан» партиясы мүшесінің Этика кодексі талаптарын сақтауды және нормаларын бұзушылыққа жол бермеуді;

- ауыл жастарының салауатты өмір салтын ұстануына, «Нұр Отан» партиясы аясында бұқаралық спорт жарыстарын ұйымдастыруға, қолда бар спорт нысандарын тиімді пайдаланып, қолжетімділігін арттыруды;

- «Жас Отан» Жастар қанатының жұмысын жандандыра отырып, жастардың, оның ішінде ауыл жастарының қоғамдағы белсенді позициясын қалыптастыруға және олардың бойларын жат қылықтар мен діни ағымдардан аулақ ұстауына ықпал етуді;

- алдағы уақытта Меркі ауданындағы жол, көше жарығы, ауыз су және тазалық мәселелерін тиісті мемлекеттік органдар алдына қоюды және оның оң шешім табуына ықпал етуді мақсат етіп отырмын.

Қымбатты сайлаушылар!  
Бұл менің Сіздерге арнаған бағаналы бағдарламам, шын ойым, таразы басын жеңген жүрек жарды талабым!

Осындай ойдың шешімі мен түйіні Сіздердің қолдауларыңыз бен таңдауларыңызда! Халық қалаулысы атану – абыройы үлкен, жауапты міндет екендігін мен жақсы сезінемін.

Ал, менің берік өмірлік позициям мен саяси белсенді ұстанымым – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың дара саясатына қолдау көрсету, Ұлы Дала төсінде «Мәңгілік Ел» идеясы мен «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға белсенді қатысу.

Бұл мен үшін маңызы аса зор, мәртебесі биік міндет!

Өйткені, мен Ұлы Дала бабаларының ұрпағымын!

Менің тірегім – халық, тілегім – бірлік!  
Менің мақсатым – ел ертеңі үшін аянбай еңбек ету!

Мен – сайлаушыма сенемін!  
Сайлаушым – маған сен!



# ӨЗ ТІЛІМІЗДІ ҚАСТЕРЛЕЙІК

**Қазақстан азаматтары мемлекеттік тілді өзінің жұмысында, күнделікті өмірінде қолдана білсе, ол мемлекеттік игі көрініс болар еді. Құжаттарды мемлекеттік тілде әзірлеу, мемлекеттік тілді өз дәрежесінде меңгеру мемлекеттік қызметкер үшін басты міндет деп түсінеміз.**

Қазақ елінің мемлекеттілігін нығайта түсер осы ортақ іске Меркі аудандық соты да үлес қосып келеді. Біздің аудандық сотта кіріс, шығыс құжаттарын тіркеу, өкімдер шығару, жедел, өндірістік хаттамаларын жүргізу толықтай мемлекеттік тілге көшірілген. Барлық мемлекеттік құрылымдардан хат-хабарлар мемлекеттік тілде қабылданады. Сот қызметкерлерінің барлығы мемлекеттік тілді жетік меңгерген, өзара мемлекеттік тілде ғана сөйлейді. Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді білу – мемлекеттік қызметкерлердің де ең басты біліктілік талабына айнала бастады. Алайда, бізбен тікелей байланыста жұмыс істейтін кейбір мемлекеттік мекемелердің құжат айналымы толықтай мемлекеттік тілде жүргізілмейді. Елбасымыздың «Мемлекеттік тілді белмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеу мүмкін болмайды» – деген сөзі бүгінгі күннің және келешектің нақты ұстанымы.

Біз өзіміз тілімізді жанашыры болып, іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізіміз керек. Әрбір адам өз елінің патриоты болуы тиіс. Патриот деп – өз елінің тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін танитын, жаны ашитын адамдарды айтамыз.

Сайып келгенде, тіл – ұлт дамуының рухани өлшемі. Ендеше, ана сүтімен дарыған тілімізді қолдау мәңгілікпен шектесетін ұлы іс болып қала береді.

**Р. ПАЗАҚОВ,  
Меркі аудандық сотының судьясы**

# ОТБАСЫ - ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТ

**Адам барлық жақсы мен жаманды отбасындағы тәлім-тәрбие арқылы бойына сіңіреді. Себебі, отбасы жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызды орны. Бүгінгі қоғамда бір-бірінің қадіріне жете алмай, сыйластығы мен өзара құрметі солғындап, қиын-қыстау күн кешіп жүрген ерлі-зайыптылар аз емес.**

Тіпті, жаңа құрылған отбасылардың үштен бірі жанұяларына бір жыл толмай жатып ажырасуда. Біздіңше, мұның көптеген себептері бар. Мінез-құлық, материалдық жағдай, жұмыс, мансап, баспана, перзент сүйе алмай, маскүнемдік, құмарлық, өзара сенімсіздік, ата-ене, қайын жұрттың әсері, т.б.

Күйеуінің өз әйелін жөн-жосықсыз ұрып-соғып, орынсыз тоқпақтай беруі де бір күні әйелдің ажырасуға тілек білдіруіне алғышарт болары анық. Отбасын құрған ер мен әйелдің бірі өз бақытын сырттан, көшеден, өзге адамнан іздейтін жағдайлары да бүгінгі қоғамда жоқ емес. Ер адамның өз отбасын тастап, өзге әйелмен қол ұстасып кетуі де көп кездеседі. Қазақта, тіпті ажырасу деген түсінік болмаған. Ата-бабаларымыз отау құрса, өле-өлгенше бір шаңырақта өмір сүрген. Бұрынғы қазақ қоғамында ата-ана қызын жастайынан дұрыс келін болуға тәрбиелесе, ұлды шаңырақ иесі болуға баулыған. Әйел адам күйеуіне көмекші және отбасының ұйытқысы болуы керек. Еркек пен әйел бір-бірін сыйласа, отбасындағы өз орнын білсе, ажырасу азаяр ма еді. Сондықтан да әр шаңырақта келер ұрпаққа саналы тәрбие беріп, ел азаматы, иманды да ибалы қыз балаларды тәрбиелеуге көңіл бөлгеніміз жөн.

**М.ТОПАЛОВ,  
Меркі аудандық сотының бас маманы**

# ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АҮТСАҚ...

Мен Мұратбек Көкірекбаевты 1999 жылдың тамызынан, өзім мемлекеттік қызметке келгеннен бері білемін. Ол кезде Мұратбек Болысбекұлы Меркі ауданы әкімінің аппарат жетекшісі болып қызмет атқаратын. Аппарат басшысы ретінде өз міндеттерін тиянақты атқаратын, жас кадрларға бағыт-бағдар бере білетін, ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары екенін сол кездерде-ақ байқапқан-ды.

2001 жылы Ойтал ауылдық округінің әкімі қызметіне жіберілді. Бұрын бухгалтер, экономист, 1996–1997 жылдары Меркі ауданы әкімі аппаратының өнеркәсіп, көлік және байланыс бөлімінің меңгерушісі, 1997–1998 жылдары аудандық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі болған азамат үшін округ халқымен жұмыс істеу аса қиындыққа соққан жоқ. Ол ойлалдықтармен қоян-қолтық араласып, әлеуметтік мәселелерді бірінші кезекте шешуге кірісіп те кетті.

2001 жыл – аудан өмірінде өлі де көптеген қиындықтар бар кез-тін. Өйткені, зауыттар толыққанды жұмыс істемесе, мектептер мен мәдени ошақтарды жөндеуге, отын-суға мемлекеттен енді-енді ғана мардымсыз қаржы бөліне бастаған болатын, ал балабақша округ аумағында атымен жоқтын. Сондықтан да көпшілікпен кеңесе отырып көп мәселелерді шешуде, кәсіпкерлікке жол ашуда Мұрат

Болысбекұлы жол таба білді.

Ол 2005 жылы Меркі ауданы әкімінің орынбасары болып тағайындалып, 5 жыл бойына ауданның әлеуметтік саласына жетекшілік етті. Бұл Меркі өңіріндегі әлеуметтік серпіліс бола бастаған кезең еді, десем қателеспеймін. Ауданның қаржы қоры толысып, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет салаларында ғимараттарға ағымды, жекелеген мекемелерде күрделі жөндеу жұмыстары жүріп, біртіндеп балабақшалар, мектептер жанынан шағын топтар ашыла бастады. «Үміт» балалар мен жасөспірімдер сарайының, «Жұлдыз» демалыс лагерінің, спорт мектептерінің жұмыстары жандана бастады. Осының бөрінің басы-қасында Мұратбек Болысбекұлы жүрді.

Қай жерде еңбек етсе де, ең алдымен, ол тұрғындардың жағдайына назар аударды. Халыққа қажетті жарық, су, көгілдір отын, жол жөндеу, білім мекемелері мен мәдениет және денсаулық сақтау салаларын басты назарға алып, жұртшылықты кәсіпкерлікпен айналысуға үндеді. Жамбыл ауылдық округінің әкімі болғанда, аумақта «Сыбаға», «Құлын» және «Алтын асық» бағдарламалары бойынша еңбек етіп, мемлекеттік қолдауға ие болғандар саны артты. №18 А.Қосанов атындағы ОМ ғимараты күрделі жөндеуден өтсе, «Ертөстік» балабақшасы пайдалануға берілді. Міне, бұрынғы «Огонек», қазіргі «Айым» балабақшасының күрделі жөндеу

жұмыстары да аз күнде аяқталып, ел игілігіне берілмек. Көп балалы және аз қамтылған отбастарына, ауылдағы қарттарға, басқа да мұқтаж жандарға қамқор болу – Мұратбек Болысбекұлына тән қасиет.

Көп жылғы еңбегінің, жұмсаған қажыр-қайратының арқасында бүгінде ол ауданның әлеуметтік жағдайын жақсы біледі. Жастарды саналы еңбекке бейімдеу және мәдени белсенділікке тәрбиелейтін бағытты көздейтін басшы бола білді. Өзі талап пен талғамды, білік пен танымды, жаңалықты дер кезінде қолдануды өмірлік ұстаным деп қабылдайды.

М.Көкірекбаев 2014 жылдың наурыз айында, «Нұр Отан» партиясының 15 жылдық мерекесіне орай, Елбасының сындарлы саясатын жүзеге асыруға атсалысып, партияның бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін орындауға қатысқаны және азаматтық белсенділік танытқаны үшін «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Б.Байбектің қолынан «Құрмет грамотасын» алды.

Мұрат Болысбекұлы халық қалаулысы болып сайланса, ел игілігі мен тұрғындар үшін қажетті жақсы істердің басы-қасынан табылары анық.

**Әтіркүл ИСАЕВА,  
«Меркі тынысы» газетінің  
бас редакторы.**

## Кәсіпкерлікке – кең өріс



Тұрғындарды кәсіпке баулу, оның ішінде бизнеске қабілетті іскер әйелдерді топтастырып, бизнесті ашу мен жүргізу бағытында кездесер түрлі түйткілдерді бірлесе отырып, заң шеңберінде шешу үрдісі бүгінгі күннің өзекті мәселесі ретінде қаралуда. Міне, осы, сонымен қатар, түрлі банктер тарапынан несиелендіру ісі де сарапқа салынған тренинж-жиын аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында өтті.

Әлихан НҰРАЛИЕВ, (сурет автордікі), "Меркі тынысы".

# БИЗНЕСІҢІЗДІ БІЗБЕН БІРГЕ АШЫҢЫЗ, – дейді ауданымызда болған арнайы мамандар



Президиумда

Жамбыл облысы әкімдігі ішкі саясат басқармасының қолдауы арқылы, облыстық «Саясаткер әйелдер клубы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен кең жиналға бірлестіктің жоба жетекшісі Қыргызбаева Сандуғаш Дастанқызы, аудан әкімінің орынбасары Қасым Марат Жарылқасынұлы, Меркі ауданы бойынша кәсіпкерлер Палатасының директоры Азизбекова Лиза Қасымқызы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның Жамбыл өңірлік филиалының менеджері Райымбеков Еркебұлан Пернебекұлы, «Форте Банк» АҚ-ы Жамбыл филиалының маманы Салабеков Дәурен Әуезханұлы, «АТФ Банк» АҚ-ы Меркі филиалының №1 қызмет көрсету орталығы бөлімшесінің басшысы Жүнісова Сәуле Ескендірқызы, аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Тасқараев Дос Болатұлы, сондай-ақ, ауданымызда кәсіпкерлік саласында жүрген әйелдер мен аудан тұрғындары қатысты.

Аудан әкімінің орынбасары Марат Жарылқасынұлы мен Сандуғаш Дастанқызының Тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуіндегі әйелдердің орны мен қоғамдағы айрықша рөліне тоқталып, ел экономикасының қозғаушы механизмі саналатын бизнес саласында бақ сынаушы әйелдерді барынша қолдаудың қажеттілігін айтқан кіріспе сөздерінен соң, сөз кезегін «Даму» қорының өкілі Е.Райымбеков жалғастырды.

«Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті дамыту мен қолдаудың бірыңғай бағдарламасы аясындағы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының жалпы жұмысы, қарқынды дамыған кәсіпкерлік арқасында жұмыссыздық деңгейі төмендеп, импортқа деген тәуелділік азаятыны, ең бастысы, бизнес ашып, оны деңгелету үшін қолжетімді несиелер алу, кәсіби мамандардың қызметтерін пайдалану жағын кеңінен өңімелеген Еркебұлан Пернебекұлы:

– Кәсіпкерлер үшін ең тиімдісі мемлекет кәсіпкердің несиесінің немесе қаржылық лизингінің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялауға дайын. Мысалы, кәсіпкер жылдығы 12 пайыз мөлшерлеменен несиеленсе, банктің сыйақысы 3 жылдық қарыз мерзімінде 12 млн. теңгені

құрайды. Мемлекет бұл кәсіпкердің 7 пайыз сыйақы мөлшерлемесін субсидиялайды. Сонымен, кәсіпкер банкке тек қана 5 пайыз сыйақыны, немесе 5 млн. теңге төлемек. Қалған 7 млн. теңгені кәсіпкер үшін мемлекет «Даму» қоры арқылы төлейді.

Банктерге кепілзат ұсыну кезінде меншікті мүлкіңіз жеткіліксіз болса, біздің қор кепілзатты алмастыратын кепілдік беруге даяр. Ісін жаңа бастаған кәсіпкерге қор кепілдігінің мөлшері 85 пайызға жетуі мүмкін. Мысалға алсақ, егер сізге 10 млн. теңге несиелену керек болса, қор 8,5 млн. теңгеге кепілдік береді, сондықтан кәсіпкер жетпейтін сомаға, немесе 1,5 млн. теңгеге кепілзат ұсынса жетіп жатыр. Ал, ісін бұрын бастап, кәсіпкерлікті біршама меңгергендер үшін қор кепілдігінің мөлшері несиелену сомасынан 50 пайызды құрайды. Мәселен, кәсіп иесіне 10 млн. теңге сомада несиелену керек болса, қор 5 млн. теңге мөлшерінде кепілдік береді. Кәсіпкерге тек қалған 5 млн. теңгеге кепілзат ұсыну қажет, – дей келе, 29 жасқа дейінгі кәсіпкерлерге арналған «Жас старт» аталатын салалық шектеусіз несиелену бойынша кепілдік туралы да түсіндіріп өтті. Осы жастар бизнесінің жаңа белесі саналатын «Жас старт» кепілдік жүйесі арқылы бизнес ашатын жастар банкке бар болғаны мүлктің 15 пайыз кепілзат қойып, несиеленуіне болады екен. Ал, қалған 85 пайызды «Даму» қорының кепілдігі қамтамасыз етуі, әрине, үлкен қолдау екені айдан анық.

Келесі сөз алған С.Жүнісова мен Д.Салабеков өз банктері бойынша несиелендіру тәртіптеріне тоқталса, аудандық кәсіпкерлер Палатасының директоры Л.Азизбекова өз бизнесін ашып, ісін жүргізушілер үшін консультациялар, қаржылық институттармен арадағы жұмыс шарттары, бизнес-жоспар жасау мен құруға көмектесуі жайлы сөз қозғады.

Жиын барысында өздерін мазалаған басқаларға да аса қажет сұрақ-сауалдарын қойған «Наурызбай и К» ЖШС-гі басшысы Ә.Әубәкірова несиелену жөнінде, қостағандық Ш.Рыспаева есік алдындағы жер учаскесіне жылжытай салу ісіндегі кейбір түсініспеушілігі туралы сауалдарына толық жауап алысты.



**9 сентября 2016 года Главой государства одним из главных приоритетов работы Правительства обозначено стимулирование массового предпринимательства и обеспечение занятости. Кроме того, даны поручения по развитию агропромышленного комплекса, в частности, сельхозкооперации, а также диверсификации экспортного потенциала.**

В этой связи, для реализации поставленных Главой государства задач, НПП «Атамекен» предлагает 10 шагов по развитию предпринимательства.

**Первый из десяти шагов** – расширение микрокредитования.

Для дальнейшего расширения микрокредитования, в рамках Дорожной карты бизнеса-2020, Дорожной карты занятости-2020, инструментов НУХ «КазАгро» предлагается:

– применить опыт микрокредитования НПП «Атамекен» в части суммы, процентных ставок, предоставления гибкости по залогу, упрощения требований к документам;

– передать НПП «Атамекен» функции единого оператора сервисной части микрокредитования по всем госпрограммам Дорожной карты бизнеса-2020, Дорожной карты занятости-2020, в виде задания (3 млрд. тенге ежегодно на усиление районных ЦПП): обучение, составление бизнес-плана, сопровождение проекта, сервисные услуги (бухгалтерские, юридические и др.). Вопрос передачи функций сервисной поддержки, в рамках инструментов НУХ «КазАгро» предлагается обсудить с представителями НУХ «КазАгро», в рамках специальной рабочей группы.

**Второй шаг** – массовое обучение населения основам бизнеса.

В рамках реализации действующих мер для обеспечения занятости населения, снижения социальной напряженности, а также развития предпринимательства в регионах, НПП «Атамекен», при поддержке Правительства РК, завершила два пилотных проекта – «Bastau Бизнес» и «Bastau Кәсіп».

Проект «Bastau Бизнес» нацелен на развитие предпринимательства на селе и повышение уровня занятости сельского населения через всестороннюю поддержку бизнес-инициатив и обучение населения основам предпринимательства. При разработке проекта были учтены недостатки госпрограмм обучения бизнесу: «сжатость», отсутствие индивидуального подхода, отсутствие системы отбора участников, возможность обучения на дому, отсутствие постоянного сопровождения проекта, выездные консультации и т.д.

Все программы обучения НПП «Атамекен» будут увязаны с системой микрокредитования.

**Третий предложенный шаг** – развитие сельхозкооперации.

Для решения проблем доступа к финансам сельхозкооперативов предлагается:

– определить приоритет микрокредитования личных подсобных хозяйств населения, объединенных в кооперативы.

– внедрить новый продукт льготного кредитования через институты АО «НУХ «КазАгро».

Анализ цепочки добавленной стоимости продукции показывает, что идет удорожание продукции до 20-40%, в связи с отсутствием системы прямого сбыта.

В этой связи, предлагается трехэтапный подход развития торговли между сетями и сельхозкооперативами.

**Четвертый шаг:** поддержка конкурентоспособного бизнеса за счет долгосрочных государственных

# 10 ШАГОВ ПО РАЗВИТИЮ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

В этой связи, для реализации поставленных Главой государства задач, НПП «Атамекен» предлагает 10 шагов по развитию предпринимательства.

**Первый из десяти шагов** – расширение микрокредитования.

Для дальнейшего расширения микрокредитования, в рамках Дорожной карты бизнеса-2020, Дорожной карты занятости-2020, инструментов НУХ «КазАгро» предлагается:

– применить опыт микрокредитования НПП «Атамекен» в части суммы, процентных ставок, предоставления гибкости по залогу, упрощения требований к документам;

– передать НПП «Атамекен» функции единого оператора сервисной части микрокредитования по всем госпрограммам Дорожной карты бизнеса-2020, Дорожной карты занятости-2020, в виде задания (3 млрд. тенге ежегодно на усиление районных ЦПП): обучение, составление бизнес-плана, сопровождение проекта, сервисные услуги (бухгалтерские, юридические и др.). Вопрос передачи функций сервисной поддержки, в рамках инструментов НУХ «КазАгро» предлагается обсудить с представителями НУХ «КазАгро», в рамках специальной рабочей группы.

**Второй шаг** – массовое обучение населения основам бизнеса.

В рамках реализации действующих мер для обеспечения занятости населения, снижения социальной напряженности, а также развития предпринимательства в регионах, НПП «Атамекен», при поддержке Правительства РК, завершила два пилотных проекта – «Bastau Бизнес» и «Bastau Кәсіп».

Проект «Bastau Бизнес» нацелен на развитие предпринимательства на селе и повышение уровня занятости сельского населения через всестороннюю поддержку бизнес-инициатив и обучение населения основам предпринимательства. При разработке проекта были учтены недостатки госпрограмм обучения бизнесу: «сжатость», отсутствие индивидуального подхода, отсутствие системы отбора участников, возможность обучения на дому, отсутствие постоянного сопровождения проекта, выездные консультации и т.д.

Все программы обучения НПП «Атамекен» будут увязаны с системой микрокредитования.

**Третий предложенный шаг** – развитие сельхозкооперации.

Для решения проблем доступа к финансам сельхозкооперативов предлагается:

– определить приоритет микрокредитования личных подсобных хозяйств населения, объединенных в кооперативы.

– внедрить новый продукт льготного кредитования через институты АО «НУХ «КазАгро».

Анализ цепочки добавленной стоимости продукции показывает, что идет удорожание продукции до 20-40%, в связи с отсутствием системы прямого сбыта.

В этой связи, предлагается трехэтапный подход развития торговли между сетями и сельхозкооперативами.

**Четвертый шаг:** поддержка конкурентоспособного бизнеса за счет долгосрочных государственных

В этой связи предлагается: провести работу по сокращению требований, предъявляемых к субъектам бизнеса, при проведении проверок; провести разграничение государственного контроля на контроль за безопасностью товаров (работ, услуг) и контроль за качеством товаров (работ, услуг); передать контрольные функции по вопросам качества предоставляемых товаров, работ и услуг в конкурентную среду (саморегулируемые организации (СРО), при этом информация СРО по итогам мониторинга субъектов предпринимательства на предмет соответствия требованиям качества товаров (работ, услуг) будет учитываться в СУР, тем самым, снижая количество проверок на предмет соответствия требованиям безопасности в отношении добросовестных предпринимателей; поэтапное замещение государственного контроля обязательным страхованием ответственности предпринимателей перед потребителями; сократить количество исключений из общего порядка проведения проверок в Предпринимательском кодексе.

**9 шаг** – дальнейшая гуманизация уголовного и административного законодательства.

Для этих целей предлагается: совместно с Генеральной Прокуратурой, с подключением бизнес-сообщества провести работу по исключению излишней репрессивности Уголовного кодекса, с отходом от карательных мер к профилактике; провести работу по расширению института предупреждения, в рамках Административного кодекса, исключить зависимость штрафов от размера бизнеса, а также установить верхние пределы штрафов для всех категорий бизнеса.

**10 шаг** – ревизия всех подведомственных и дочерних структур госорганов и мио на предмет нарушения рыночных принципов.

Для преодоления сложившейся ситуации, в рамках исполнения поручения Главы государства по снижению доли участия государства в экономике до 15% от ВВП по опыту стран ОЭСР, предлагается параллельно с исполнением Комплексного плана приватизации на 2016-2020 годы на правительственном уровне создать специальную рабочую группу (Правительственный штаб). Проведение анализа и оценки состояния конкурентной среды, в которых действует организации с государственным участием, внесение предложений по целесообразности их дальнейшего функционирования.

В этой связи предлагается провести, с участием бизнес-сообщества, полноценный анализ функций подведомственных и дочерних структур госорганов и МИО на предмет нарушения рыночных принципов и стандартов ОЭСР.

На основе проведенного анализа приватизировать и/или ликвидировать субъекты и организации, не соответствующие вышеуказанным принципам и задачам.

В дальнейшем НПП «Атамекен» готова участвовать в обсуждении и доработке предложений с государственными органами, а также представить подробные механизмы, необходимые расчеты, предложения по изменению НПА и т.д.

Более подробно с программой 10 шагов на казахском языке можно ознакомиться по ссылке: <http://palata.kz/kk/articles/24001> и на русском языке <http://palata.kz/ru/articles/24001>.

**Филиал Палаты предпринимателей в Меркенском районе.**

● 9 қазан – Дүниежүзілік пошта күні ●

# ХАЛЫҚКА ЖАҚСЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ – НАЗАРДА

Адаммен бірге жаралған ақпарат беру, хабар алмасу, сәлемдеме, хат тасымалдау секілді қызметтің бұл түрінің тамыры тереңде жатыр. Қазақ жерінде де поштаньң өзіндік дәстүрлі тарихы бар. Ресми түрде пошта бөлімдері ашылмаған тұста да қазақ даласының о шетінен бұ шетіне хабар жеткізетін арнайы қызметкерлер болыпты. Жаушы, елші дегендердің жолға шыққандағы мақсаты жауластыру, не елдестіру болғанымен, бұл мақсаттың түп-төркінінде бір жерден екінші жерге ақпарат жеткізу мұраты тұрған.

Расул МАЛЛАБАЕВ, (суреттер автордікі), "Меркі тынысы".



Қалай болғанда да, дәл қазіргі күні өмірімізді поштасыз, хат тасушыларсыз елестете алмаймыз. Бірнеше жүздеген жылдар бұрын пайда болып, бүгінде үлкен реформадан өткен бұл саланың қоғам игілігіне тигізіп отырған пайдасы ұшан-теңіз. Біздің ауданымызда да заман талабына сай жаңа технологиялармен жарақтанған, «айшылық алыс жерлерден жылдам

аудандық газ мекемесінде, мемлекеттік автоинспекциясында, кірістер басқармасы мен «Меркі» шипажайы ғимаратарында ақшалай төлемдерді аудару операцияларын жүргізеді. Сонымен қатар, кез-келген пошта орындарынан теміржол билеттерін жеке кассаларға қарағанда төменгі бағамен сатып алуға да болады. Әлемнің кез-келген түпкірінен

дүкендеріне сіз тапсырыс беріп, тауарды Қазақстанға тез және сапалы түрде 10 күн ішінде жеткізе алатын қызметтерді көрсете отырып, тауардың бағасына сәйкес төлемді тек қолға алған кезде ғана төлеуге болады.

– Ауданымызда филиалдың қанша бөлімшесі бар? Олардың материалдық-техникалық базалары қандай? Жұмысын жақсы атқарып жүрген қызметкерлерге де тоқталып өтсеңіз.

– Аудан көлеміндегі 18 пошта мекемесінің материалдық-техникалық базалары жақсы жабдықталған. Барлығы автоматтандырылған. Міне, бүгін 45 хат тасушыға арнайы жабдықталған смартфон телефондары берілді. Бұл смартфонның жаңалығы – кімге хат келгенін ШПИ нөмірі (ширихтық пошта идентификаторы) бар құнды белгі басылған сәлемдемелер, хаттарды орталық пошта торабы ғимаратына келмей-ақ, көріп отыруға және қадағалап отыруға мүмкіндік береді.

Ал, аудандық пошта торабының сұрыптау бөлімінің операторлары Ләззат Көрпебаева мен Маржан Мұсабековның жұмыстарын үлгі тұтарлық деп, атап өтуге болады.

– Уақыт бір орнында тұрмайды, сервистік қызметтер жаңаруда. Жоғарыда аталған қызметтерді тиімді көрсету және жүйелеу бойынша алда қандай жоспарлар бар?

– Бүгінгі таңда, біз көрсететін қызметтерді зейнеткерлер көп қолданады. Баршаға аян, кезекке тұру мәселесі кез келген жерде кездесетін жағдай. Облысқа жаңа келген басшымыз Шыңғыс Тұрлыбековтың қолдауымен тиісті қаражаттар қарастырылып, жақын арада арнайы құралдармен

В этом году Казахстан отмечает 25 лет Независимости, главным достижением которой является то, что за эти годы в стране делается все возможное для улучшения социальных и бытовых условий ветеранов.

Ольга АКИНИНА, "Меркі тынысы".

## ЗА ПРАЗДНИЧНЫМ СТОЛОМ ПОДЕЛИЛСЯ ВОСПОМИНАНИЯМИ



Ощущают на себе постоянное внимание и заботу и ветераны Великой Отечественной войны и труда нашего района. Одному из участников тех грозных военных лет, ветерану Великой Отечественной войны Николаю Александровичу Потюкину, 2 октября т.г. исполнилось 97 лет, а его супруге, Надежде Сидоровне, 10 сентября исполнилось 90 лет. Вместе они прошли долгий жизненный путь, делили

и радости, и беды. Н.Потюкин (на снимке), как и другие воины Советской Армии, остановил «коричневую» чуму, сохранив для потомков мирное небо над головой. И в свои 97 он стремится быть полным энергии и сил, иначе ему нельзя, ведь его мудрость, жизненный опыт, и только усиливающееся с годами жизнелюбие, нужны его детям, внукам и правнукам, ради которых он и воевал в годы Великой Отечественной войны, чтобы они не знали, что такое война! И свое 97-летие ветеран, как всегда, отметил за праздничным столом вместе со своей семьей, рассказывая внукам и правнукам истории из своих военных будней, вспоминая своих друзей – солдат-победителей.

На страницах райгазеты «Меркі тынысы» поздравляем ветерана Великой Отечественной войны, уважаемого человека, с Днем рождения, и желаем ему крепко здоровья и благоденствия!

## «ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП» АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ

№39 Темірбек Қожакеев атындағы орта мектеп-гимназиясында «Қауіпсіз мектеп» акциясына орай, балаларға жолда қауіпсіз жүру ережелерін тереңірек түсіндіру, жол-көлік оқиғасында жарақат алғандарға алғашқы көмек көрсетудің жолдарын көрсету мақсатында «Қауіпсіз жол» атты жол қозғалысы жас инспекторларының іс-шарасы өткізілді. Оған 7-8 сынып аралығындағы оқушылар толықтай қатыстырылды (суретте).

Мектебіміздің ұжымы бұл күнге үлкен дайындықтармен келді. Аудандық ішкі істер бөлімінен бекітілген арнайы полиция инспекторы қыркүйек айынан бастап оқушылармен тиянақты жұмыстар жүргізді. Бала өмірінің қауіпсіздігіне жауапты сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері арнайы бұйрықпен бекітілді. Сондай-ақ, оқушыларды сабақтан

сыныптары оқушыларымен де ұйымдастырылды. Бала өмірін қауіпсіздендіру мақсатында әр сыныпта «Жедел жастар тобы» ұйымдастырылып, топ жетекшілері сайланып, көшеде жүру ережесін жетік меңгеру әр сыныпқа таныстырылды. Олар: жаяу жүру, жол қиылысынан өту, мектепке келіп-кетудегі жол қиылыстарынан өту, жол апатының алдын алу және т.б.



Шыңғыс Тұрлыбеков меркілік әріптестерімен

хабар алғызған» пошташылардың ортақ үйі бар. Төл мерекелері қарсаңында «Қазпошта» АҚ-ы Жамбыл облыстық филиалы Меркі аудандық пошта байланыс торабы басшысы Абзал Ракишев (суретте) ағамызбен сұхбаттасудың орайы түскен еді.


– Аға, мекеменің қысқаша тарихына, атқаратын қызметтеріне тоқталып өтсеңіз?

– Қазіргі таңда, Меркі аудандық пошта байланысы торабында 98 қызметкер жұмыс істейді, оның 45-і – хат тасушы. Біздің қызметкерлер «Қазпоштаньң» тұрғындарға көрсететін қызметтерінің барлығын өз деңгейінде атқарып келе жатыр дегуге болады. Қазіргі таңда пошта жай жазбаша хат-хабарлар, басқа да пошталық жөнелтілімдер тасымалдау, ақша аудару, жазылым бойынша мерзімді баспасөз басылымдарын тарату секілді қызметтерді көрсетіп қана қоймайды, оған қоса көптеген қаржы қызметтерін атқарады. Оның ішінде екінші деңгейлі банктердің несиелерін, өкімшілік айыппұлдарды, салық түрлерін төлеу қызметтерін іске асырады. Бүгінде, аудан көлемінде қарапайым халықтың төлемдер қызметін көп пайдаланатын Халыққа қызмет көрсету орталығында,

15 минутта ақша аударуға болатын «Western Union» қызметін, Қазақстан Республикасындағы «Сәлем теңге» ақша аудару операцияларын іске асырады.

XXI ғасыр – интернет ғасырында онлайн дүкендерге де халықтың қолы жетімді. Біз ұсынып отырған жаңа сервис – АҚШ-тың кез-келген интернет

жабдықталған өмбебап кабиналар қызмет көрсететін болады. Қазір бұл жұмыстар басталып та кетті. Бір айдың көлемінде аяқтап, біздің қызметке жүгінетін барлық азаматтарға кезексіз қызметтер көрсететін боламыз. Осылай кезекте тұру мәселесінің оң шешімі табылады деп күтілуде.



Орталық операциялық участогі



кейін жолдан өткізуге арналған қауіпсіздік журналы ашылып, онда мұғалімдердің балаларды жолдан өткізу кезекшілік кестесі бекітілді.

7-8 сынып аралығындағы мектеп оқушыларымен өткізілген «Көшеде жүру ережелерін сақтау» айлығы және «Жолда жүру ережесін сақтау бағдарламасы» бойынша іс-шаралар 1-4 және 5-8

іс-шаралар болатын. Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, байқаудың бас жүлдесін 8 «А» сыныбының оқушылары иеленді.

**Серік ПАХАЕВ,  
№39 ОГМ директорының  
тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасары**



АКЦИЯ

Аудан прокуратурасы тарапынан ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 669 бабымен, 20 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылып, сот қаулысымен 8 борышкерге 10 айлық есептік көрсеткіш ретінде айыппұлдар салынса, қалған 12 борышкерлерді қамаққа алу туралы қаулы шығып, борышкерлер қамаққа алынған.

**Меркі ауданы прокуратурасымен алимент өндіру туралы атқару құжаттарының орындалуына талдау жасалды. 2016 жылдың 9 айында тексерулер жүргізіліп, прокурорлық ықпал ету актілері енгізіліп, нәтижесінде лауазымды тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылған.**

Аталған Елбасы Жолдауын орындау барысында 14.09.2016 жылы ауылдық округ әкімдері, ауылдық округ учаскелік инспекторлары, қамқоршы және қорғаншы орган бөлімінің бастығы, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы, аудандық «Меркі тынысы» баспасөз өкілінің қатысуымен алимент сұрақтары бойынша жиналыс өткізілді.

Сонымен қатар, «Меркі тынысы» үнқағазына аудан прокуратурасы «Ашық есік күні» өтетіндігін жариялаған, онда азаматтар жеке сұрақтармен, мәселелермен, өтініштермен келем деушілерге есігіміз ашық екені көрсетілген.

акция 1 айға жалғасты.

Аудан прокуратурасы тарапынан Меркі ауылындағы Ысмайылов көшесінің бойында билборд ілінді, ол жерде «Нәпақаны төле, өз балаңа көмектес», «Помоги своему ребенку, заплати алименты» – делінген, ол жерде аудан прокуратурасының сенім телефондары жазылған.

Сонымен қатар, прокуратура қызметкері және сот орындаушыларымен үгіт-насихаттық жұмыстары жүргізілді, яғни, «Нәпақаны төле, өз балаңа көмектес», «Помоги своему ребенку, заплати алименты» делінген парақшалар таратылды.

Қарызы бар әкелердің тізімдері

# СОРЕВНОВАЛИСЬ СЕРЖАНТЫ

**Родина – самое святое место для всех нас. А пограничник – это сильнейший щит Родины. Идут года, меняются политические направления страны, но пограничная служба всегда остается актуальной. Каждая страна имеет десятки тысяч прилагаемых к ней границ. Непосредственно независимость страны – неприкосновенность своих кордонов. Суть профессии заключается в контроле безопасности страны на пограничных рубежах.**

Ольга МАЗУР, "Меркі тынысы".

Родную страну нужно не просто любить, но и уметь защищать. Не каждый способен жить, в течение своей службы, на границе. Служба в пограничных войсках одна из сложных в мире. Ведь, неоднократно, в экстремальных ситуациях страж границы всегда должен положиться на свои морально-во-

го состава, в нем приняло участие 8 человек, осуществляющих управленческие функции в отношении вверенного им личного состава в течение двух дней по трем номинациям. В первой: «Пограничное мастерство» конкурсанты сдавали нормативы по физической подготовке, по направлению служеб-

## НӘПАҚАНЫ ТӨЛЕ, ӨЗ БАЛАҢА КӨМЕКТЕС!

Ағымдағы жылдың 9 айына аудан прокурорының нұсқауы бойынша, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 34 бабына сәйкес, 37 борышкерлердің көлік жүргізу құқығын тоқтата тұру туралы ұсынысы Меркі аудандық сотына қаралу үшін жолданып, аталған ұсыныстар аудандық сотпен қанағаттандырылып, нәтижесінде 37 борышкер көлік жүргізу құқығынан (қарыздарын өтемейінше) айырылған.

Онымен қоса, аудан прокурорының нұсқауымен, жоғарыда аталған Заңның 33 бабы 1 бөлігі 3 бөліміне сай, алимент бойынша берешегін төлемей жүрген борышкерлерге шетелге шығуға тыйым салу туралы 400-ден аса қаулы шығарып, аудандық сотқа жолдаған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты туралы Жолдауында анағы және баланы жан-жақты қорғау (яғни, алимент төлемеген әкелердің жауапкершілігін күшейту) көрсетілген.

Алимент сұрақтары бойынша қабылдауға келген 11 тұлғаға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Аудан прокуроры С.Төлеуов аудан прокуратурасының ғимаратында азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау өткізді. Қабылдауға әртүрлі сұрақтармен келген, азаматтар заң шеңберінің аясында нақты жауаптар берілді. 3 азаматша өздерінің көмелетке толмаған балаларына алиментті өндіре алмай жүргендіктері бойынша келген аналарға аудандық прокуратураға арыз-шағымын тастаса біз олардың арызын қарап, зерделеп, қолдау көрсететіндігімізді айтып өткен болатынбыз.

Содан, аудандық прокуратураға 3 өндіруші ананың ішінен 2 ана келіп арызданған, олардың арыздары қаралып, 1 арыз қанағаттандырылса, ал екіншісіне заң талабы түсіндірілген.

Онымен қоса, 20.08.2016 жылдан бастап аудан прокуратурасы және Меркі аумақтық бөлімімен бірлесіп, «Нәпақаны төле, өз балаңа көмектес», «Помоги своему ребенку, заплати алименты» атты акция жүргізілді, бұл

ауылдық округтерге халық көп жиналатын жерлерге ілінді, дәлірек айтқанда, ХҚКО, пошталарға және әкімшіліктер мен аялдамаларға ілінді.

Борышкер әкелердің аты-жөні мен олардың суреттері Меркі жолдары бағытында жүретін автобустарға ілінді, ол жерде «Әке, алиментіңді төле» делінген.

Акцияның мақсаты алимент төлемеген әкелердің өз балаларына көмектесуін, парыздарын орындату, қашқын әкелердің ұятын ояту, сондай-ақ, басты мақсат, өндіріп алушы аналардың құқық қорғау органына, демек прокуратура органдарына деген сенімдерін білдіріп, өз құқықтарын қорғау үшін жүргізілуде.

Жоғарыда аталған мәселе бүгінгі таңда өзекті мәселе болғандықтан, алимент өндіру туралы атқару құжаттарының орындалуының заңдылығы Меркі ауданының прокуратурасының басты назарында.

С. ИГЕНБЕКОВА,

Меркі ауданы прокуратурасының аға прокуроры



## МҮГЕДЕКТЕРДІҢ, МӘСЕЛЕСІН ҮЙЛЕСТІРГЕН ЖӨН

**Меркі ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мүгедектер мен ардагерлер секторы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға 8 мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары бойынша қызмет көрсетуде.**

